**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 406 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38619 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтын мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы , жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші және елу сегізінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

| | |
|---|---|
| *Министр юстиции Республики Казахстан* | *Е. Сарсембаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 406 Бұйрығымен
бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7447 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережеде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нотариаттық іс-әрекеттер нотариаттық кеңсенің үй-жайында, үй-жайдан тыс жерлерде де жасалуы мүмкін. Егер нотариаттық іс-әрекеттер мемлекеттік нотариат кеңсесі немесе жекеше нотариустың үй-жайынан тыс жерлерде жасалса, онда құжаттағы куәландыру жазбасында және нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімде, Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің (бұдан әрі – БНЦЖ электрондық тізілімі) электрондық тізілімінде нотариаттық іс-әрекеттер жасалған орынның мекенжайы және уақыты көрсетіле отырып жазылады.

Нотариаттық іс-әрекеттер сапарға шығып жасалынғанда мүдделі тұлғаның өтініші негізінде жасалады және ол тұрақты сипатта болмайды.";

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында нотариаттық іс-әрекет жасауға келген адамдар мен олардың Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген заңды өкілдерінің құжаттары салыстырылып тексеріледі.

7. Заңның 43-бабына сәйкес нотариус жеке тұлғалардың іс-әрекетке қабілеттілігін және мәмілелерге қатысушы заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігін анықтайды.

Жеке тұлғаның әрекетке қабілеттілігі оның жеке басын куәландыратын құжаттарын берген сәттен, сондай-ақ әңгімелесу барысында көзбен шолу және БНЦЖ арқылы " Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында анықталады.

Заңды тұлғаның, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдіктің, филиалдың (өкілдіктің) құқық қабілеттілігі БНЦЖ арқылы "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықталады.

Заңды тұлғаның бірінші басшысының өкілеттіктері БНЦЖ арқылы "Заңды тұлғалар " мемлекеттік деректер қорында және оны лауазымына тағайындау туралы бұйрығымен (шешімі) тексеріледі.

Заңды тұлға, сондай-ақ филиалдың (өкілдіктің) басшысының өкілеттілігі оның басшысының немесе осыған оның құрылтай құжаттарымен уәкілетті өзге тұлғаның қолы қойылған, осы ұйымның мөрімен бекітілген сенімхат бойынша анықталады.

Жеке тұлға өкілінің өкілеттілігі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша тексеріледі (бұдан әрі – ҚР АК).

Нотариус БНЦЖ арқылы Қазақстан Республикасындағы нотариус куәландырған сенімхаттарды беру фактісін тексереді.

8. Ата-аналардың өздерінің кәмелетке толмаған балаларының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттіктері баланың тууы туралы куәлігі бойынша, қамқоршылыққа алынушыға (қорғаншылыққа алынушыға) қатысты қамқоршының (қорғаншының) өкілеттілігі - қамқоршы және қорғаншы органдардың шешімімен анықталады. Ата-аналардың, қамқоршының (қорғаншының) жеке басы осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде белгіленеді, сондай-ақ БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында және "АХАЖ тіркеу пункті" цифрлық жүйесімен (бұдан әрі – АХАЖ ЦЖ) салыстырылады. Нотариус неке туралы мәліметті БНЦЖ арқылы АХАЖ ЦЖ тексереді.";

23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Барлық нотариаттық іс-әрекеттер БНЦЖ электрондық тізілімінде тіркеледі.

24. Нотариаттық іс-әрекеттерді БНЦЖ электрондық тізілімінде тіркеу тек куәландырушы жазбаға немесе берілетін құжатқа нотариус қол қойған соң ғана жүргізіледі.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Қайтыс болу фактісі, мұрагерлікті қабылдауға негіз болатын туысқандық қатынастар нотариусқа ұсынылған құжаттар бойынша анықталады. Егер нотариусқа берілген құжаттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген жағдайда БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында, АХАЖ ЦЖ мәліметтер тексеріледі.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде нотариус нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартқанда, тоқтата тұрғанда, кейінге қалдырғанда, бас тарту, тоқтата тұру немесе кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады (бұдан әрі - қаулы).

Қаулыда мыналар көрсетіледі:

1) қаулы шығарған күні;

2) нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), лицензияның нөмірі мен берілген күні;

3) нотариаттық іс-әрекет жасауға келген тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер бар болса), оның тұрғылықты жері (немесе заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері) , өтініш жасаған күні;

4) қаулы шығарған нотариаттық іс-әрекеттің атауы;

5) нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту не тоқтата тұру не кейінге қалдырудың себептері (заңнамаға сілтемесімен);

6) бас тарту не тоқтата тұру не кейінге қалдыруды шағымданудың тәртібі мен мерзімдері.

Қаулы екі данада ресімделеді, нотариустың мөрі басылған қолымен куәландырылады және БНЦЖ-де шығыс құжаттарды тіркеу журналында тіркеледі. Бір данасы нотариаттық іс-әрекетті жасаудан бас тартылған, не тоқтата тұру не кейінге қалдырған тұлғаға беріледі немесе жолданады. Қаулының екінші данасы қаулы тапсырылған адамның қолы қойылған немесе бас тартылған немесе нотариаттық іс-әрекет жасау тоқтатыла тұрған не кейінге қалдырылған адамға пошта арқылы жіберілгені туралы белгісі бар нотариустың істерінде қалдырылады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді куәландырған кезде және мемлекеттік тіркеуге жататын куәліктерді берген кезде нотариус жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесінен (бұдан әрі –ЖМБМК ЦЖ) БНЦЖ арқылы тіркеу органы басшысының, оны алмастыратын адамның (белгіленген қызметтік міндеттерді бөлуге сәйкес) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер алады.

Осы Қағидалардың 52, 54, 140 және 160-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді куәландыруға және мемлекеттік тіркеуге жататын куәліктер беруге ауыртпалықтар болмаған кезде рұқсат етіледі.

ЖМБМК ЦЖ-нен БНЦЖ арқылы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар ( ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған кезде тіркеу органы растаған нақты жылжымайтын мүлік объектісі жөніндегі ақпарат және жеке немесе заңды тұлғаның өзінде бар жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтары туралы жинақталған деректер нотариустың уәжді сұрау салуы бойынша тіркеуші органда беріледі.";

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Мүлікті иеліктен айыру туралы шартты тараптар бұзған жағдайда нотариус шартты бұзу туралы келісімді куәландырады. Жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шартты бұзған жағдайда, нотариус БНЦЖ арқылы ЖМБМК ЦЖ жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және олардың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді алады.

38. Шартты бұзу туралы келісімді нотариус БНЦЖ электронды тізілімінде тіркейді және құқық белгілейтін құжат оның сақтауында болған жағдайда, мүліктің иесіне қайтарады, келісім данасының көшірмесі, сондай-ақ құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі шартқа қоса тігіледі.

Шартты бұзған кезде тараптар нотариусқа шарттың барлық даналарын қайтарады, бұл ретте нотариус шарттың барлық даналарында тізілім нөмірін және бұзу туралы келісімді куәландыру күнін көрсете отырып, бұзу туралы жазба, сондай-ақ БНЦЖ электрондық тізілімінде жазба жасайды.";

40 және 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Егер сыйға тарту шартында сыйға тартушының, ол сыйды алушыдан кейін өмір сүрген жағдайда, сыйға тартудың күшін жою құқығы көзделген болса, нотариус сыйға тартушының жазбаша өтініші бойынша, БНЦЖ арқылы АХАЖ ЦЖ сыйды алушының қайтыс болған фактісінің тіркелуін тексереді, сондай-ақ ЖМБМК ЦЖ жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және олардың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді алады.

Сыйға тартушының сыйға тартудың күшін жою туралы өтініші екі данада жасалады , қолының түпнұсқалылығы нотариалды куәландырылады.

Өтініштің бір данасы мен сыйды алушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама көшірмесі нотариустың істерінде сақталатын сыйға тарту шартының данасына қоса тіркеледі. Нотариус тіркеуші органға сыйға тартудың күші жойылғандығы туралы хабарламаны, сыйға тартушының сыйға тартудың күшін жою туралы өтінішінің екінші данасына тіркеп, сыйға тартушыға береді.

Нотариус сыйға тарту шартының барлық даналарында, сондай-ақ БНЦЖ электрондық тізілімінде, күнін, қолын қою арқылы, сыйға тартудың күші жойылғаны туралы белгі жасайды.

41. Соттың заң күшіне енген шешіміне сәйкес мәміле жарамсыз деп танылған кезде, нотариус бұл туралы нотариалдық әрекеттерді тіркеу тізілімінде, БНЦЖ электрондық тізілімінде белгі қояды, сот шешімінің көшірмесін қоса тіркейді және құқықты белгілеуші құжаттарды мүлік иесіне қайтарады.";

44-тармақта төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нотариус мәміле жасау кезінде ерлі-зайыптылардың неке қатыныстарын БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорында, АХАЖ ЦЖ және некені тіркеу туралы куәлік бойынша не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат бойынша тексереді, бұл туралы келісімде жазба жасайды және куәліктің нөмірін, берілген күнін және құжатты берген органның атауын көрсетеді (неке Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелгенді қоспағанда).

Нотариаттық қызметтерді алуға жүгінген тұлға некенің жоқтығы туралы өтініш берген жағдайда да нотариус БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік

дерекқорында, АХАЖ ЦЖ (неке Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелгенді қоспағанда) тіркелген некенің болуын (болмауын) тексереді.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру шартын куәландырған кезде нотариус жер учаскесіне құқығын белгілейтін, сәйкестендіру құжаттарын талап етеді және жер учаскесін меншіктенушінің (жерді пайдаланушының) оған тиісті құқықтарды иеліктен айыру жөніндегі өкілеттіктерін анықтайды.

Бұл ретте нотариус құқық иесі туралы және құқығын белгілеуші құжатында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамалары туралы мәліметтерді құқық иесі болып табылатын жеке тұлғалардың жеке бастарын куәландыратын құжаттарымен, сондай-ақ ЖМБМК ЦЖ және "Заңды тұлға" мемлекеттік деректер қорының мәліметтерімен салыстырады.

Олар құқық иесі және сәйкестендіру сипаттамалары туралы өзгерген жағдайда мәліметтері "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Заң) 6-бабына сәйкес міндетті мемлекеттік тіркелуі тиіс. Өзгерістерді тіркеу тіркеуші органның құқықтық белгілеуші құжатта тиісті жазба жасау арқылы жүргізіледі және қолтаңба және мөрмен бекітіледі.

Нотариус кондоминиум құрамында тұрған тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды иеліктен айырған кезде жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын талап етпейді.

БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында нотариус мәліметтерді тексереді және жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайының (МТК) тіркеу коды бар мекенжай бойынша тіркелген тұлғалардың саны туралы алушыға жазбаша хабарлайды.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Құқық белгілейтін құжатта көрсетілген құқық иесі туралы мәліметтің, жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамалары туралы мәліметтері Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Заңының 6-бабына сәйкес, жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша болған жағдайда, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің аты, сондай-ақ үйлер мен өзге де құрылыстардың реттік нөмірлері ( мекенжайы) өзгерген кезде немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын реформалауға байланысты кадастрлық нөмірлер өзгерген жағдайды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы иелік ету сәтіндегі ЖМБМК ЦЖ көрсетілетін мәліметтермен сәйкес келмеген куәліктерді беру, мұрагерлікке сенімгерлікпен басқару тағайындау туралы қаулы шығарылған кезде нотариус осындай өзгерістердің тіркелгенін тексереді.";

85-3-тармақта үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ерлі-зайыптылардың неке қатынастарын нотариус неке туралы куәлік бойынша немесе БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында, АХАЖ ЦЖ тексереді, бұл туралы алимент төлеу туралы келісімге жазба жасайды және куәліктің нөмірін, берілген күнін және құжатты берген органның атауын көрсетеді.";

95-тармақта үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

""Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында БНЦЖ арқылы өсиетті орындаушының (өсиет жүктелген өкілдің) жеке басын куәландыратын құжаттары тексеріледі.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. Нотариус БНЦЖ электрондық тізілімінде өсиетті жою, өзгерту туралы белгі жасайды.";

100-1-тармақта екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсиет қалдырушының қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе хабарламаны, сондай-ақ құпия өсиеті бар конвертті берген адам, ол өсиет қалдырушыда немесе өсиетті орындаушыда (өсиет жүктелген өкілде) сақталған жағдайда, құпия өсиет куәландырылған нотариусқа конвертті ашу және құпия өсиет мәтінін жариялау туралы өтініш береді, оны нотариус БНЦЖ кіріс құжаттарын тіркеу кітабына келіп түскен күні тіркейді.";

102-тармақта екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"БНЦЖ электрондық тізіліміне сенім білдірушінің ЖСН және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ заңды тұлғаның БСН енгізіледі.";

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Нотариус БНЦЖ электрондық тізілімінде берілген сенімхаттың жойылғаны не одан бас тартқаны туралы белгі жасайды.";

125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Мұрагерліктен бас тартқаны немесе мұраға құқық туралы куәлікті беру туралы жазбаша түрде алынған өтініштер (мұраны қабылдау туралы) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 356 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 22701 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережелеріне (бұдан әрі-Тізілімдерді жүргізу ережелері) сәйкес БНЦЖ мұралық істерді тіркеу тізілімінде тіркеледі.

Егер өтініште мұрагердің қолтаңбасы нотариаттық куәландырылмаған болса немесе өтініште (нотариусқа пошта арқылы немесе басқа нотариустан берілген болса) қате табылған болса нотариус өтінішті қабылдайды, оны Мұрагерлік істерді тіркеу кітабында және мұрагерлік істерді есепке алудың Алфавиттік кітабында тіркеледі. Бұл ретте нотариус мұрагерге тиісті ресімделген өтінішті жіберуді немесе нотариусқа жеке өзі келіп жолығуды ұсынады.";

138-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"138. Мұраға құқық туралы куәлікті беру кезінде нотариус БНЦЖ-да немесе басқа мемлекеттік нотариаттық кеңселерден, нотариустардан немесе мұра ашылған жердегі аумақтық нотариаттық палатадан мұрагерлік істің және өсиеттің бар/жоқтығы туралы ақпараттық анықтаманы сұратады.";

177-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"177. Құжаттың көшірмесінен алынған көшірмені куәландыру тәртібі құжаттың көшірмесін куәландыру ережелеріне ұқсас. БНЦЖ электрондық тізілімінде құжаттың мазмұны, деректемелері, құжаттың көшірмесін алғаш куәландырған орган туралы мәліметтері көрсетіледі.";

220-тармақта алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар және олардың басшылары туралы мәліметтерді нотариус БНЦЖ арқылы салыстырып тексереді.

Өтініш БНЦЖ электрондық тізілімінде тіркеледі.";

222-тармақта үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Нотариус "Атқарушылық жазбаны тексеру" БНЦЖ модулін пайдалана отырып, осы міндеттеме бойынша атқарушылық жазбаның жасалуына қатысты ақпаратты тексереді.";

224-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"224. Борышкерден ақша сомасын өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариус борышкердің міндеттемесін растайтын құжаттың түпнұсқасын көшірмелейді және электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды. Бұл ретте, егер атқарушылық жазба берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесіне жасалса, онда борышкердің міндеттемесін растайтын түпнұсқа құжатта, БНЦЖ электрондық тізілімінде тіркелген күні мен нөмірі көрсетілген атқарушылық жазбаның жасалғаны туралы белгі қойылады. Атқарушылық жазбаның жасалғаны туралы белгі нотариустың қолымен расталады және оның мөрімен бекітіледі.

Егер өндіріп алушы электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электронды нысандағы берешекті белгілейтін құжат ұсынған жағдайда, нотариус мұндай құжаттағы жазуға белгі жасамайды.";

226-тармақтың 9) тармақшасының екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"БНЦЖ арқылы электрондық нысанда жасалған атқарушылық жазба электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады;";

228-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"228. Атқарушылық жазбаны пошталық хабарламаға сәйкес табыс еткен не өзге де байланыс құралдарын пайдалану кезінде жеткізуді тіркеген күннен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін және борышкер тарапынан қойылған талаптарға қарсылықтар туралы жазбаша өтініш болмаған кезде нотариус өндіріп алушыға "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңның талаптарына сәйкес аумақтылығы бойынша жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына ұсыну

үшін береді не оның өтініші бойынша атқарушылық жазбаны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырған оны электрондық түрде БНЦЖ арқылы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесіне орындау үшін жолдайды.";

231-тармақтың 5) тармақшасының екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"БНЦЖ арқылы электрондық түрде жасалған атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы нотариаттық электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.";

232-тармақта екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімінде және БНЦЖ электрондық тізілімінде борышкердің қарсылығы не сот тәртібімен жасалған атқару жазбасының жойылғаны туралы белгі қояды.";

234-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"234. Нотариустың істерінде өндіріп алушыға берген немесе жолданған атқарушылық жазбаның көшірмесі, сондай-ақ берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесі және атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесіне жолдаған атқарушылық жазбасы туралы БНЦЖ-дан алынған хабарлама қалады.";

235-тармақта төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат БНЦЖ жүйесінде орналастырылады.".

2. "Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7445 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережеде:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Іс жүргізуді ұйымдастыру және дұрыс жүргізу, архивтік құжаттарды сақтау және есебін жүргізу, пайдалану, сондай-ақ нотариаттық құжаттарды тиісті архивке тұрақты сақтауға тапсыруды:

жекеше нотариус;

мемлекеттік нотариус қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік нотариус жұмыстан босатылған немесе ауысқан кезде іс жүргізуді ұйымдастыру және дұрыс жүргізу, нотариаттық архивтік құжаттарды сақтау, есебін жүргізу және пайдалану аумақтық әділет органының бұйрығымен басқа мемлекеттік нотариусқа жүктеледі.

Жекеше нотариустың лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда аумақтық әділет органы мен аумақтық нотариаттық палата осы Ережеде көзделген

тәртіппен нотариустың іс жүргізуіндегі құжаттарды басқа нотариусқа беру бойынша шаралар қолданады.

Жеке практикамен айналысатын нотариустың лицензиясының күші тоқтатылған кезде нотариустың лицензиясының күшін тоқтату туралы бұйрыққа қол қойған күннен бастап отыз күн ішінде аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата құжаттарды басқа нотариусқа немесе жекеше нотариаттық архивке беру бойынша шаралар қолданады.

Аумақтық нотариаттық палата мүшелігінен шыққанда нотариустың нотариаттық палата мүшелігінен шығу туралы өтініші келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесе отырып, аяқталған және ресімделген істерді жекеше нотариаттық архивке қабылдау-тапсыруды жүзеге асырады .

Аумақтық нотариаттық палата мүшелігінен шығарылған кезде аумақтық нотариаттық палата нотариаттық палатадан шығару туралы тәртіптік комиссияның шешімі күшіне енген күннен бастап отыз күн ішінде аяқталған және ресімделген істерді жекеше нотариаттық архивке қабылдау-тапсыруды жүзеге асырады.

Нотариустың лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған, нотариустың лицензиясының қолданысы тоқтатылған, нотариус нотариаттық палата мүшелігінен шыққан немесе шығарылған жағдайда нотариустың Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйедегі (бұдан әрі – БНЦЖ) кабинеті аумақтық нотариаттық палатаның шешімі бойынша басқа жекеше нотариусқа, сондай-ақ жекеше нотариаттық архивке беріледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Құжаттар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес ресімделеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Құжаттарды есепке алу және олардың орындалуын бақылау үшін:

осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БНЦЖ-да кіріс құжаттарын тіркеу журналы;

осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БНЦЖ-да шығыс құжаттарды тіркеу журналы жүргізіледі.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Істер номенклатурасы үш данада ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей жасалады және келесі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мемлекеттік нотариаттық кеңсенің істер номенклатурасын аумақтық әділет органының басшысы бекітеді және мемлекеттік архивпен келіседі.

Жекеше нотариус істер номенклатурасын жекеше нотариаттық архивпен келісім бойынша бекітеді.

14. Істер номенклатурасына барлық құжатталатын қызметті көрсететін істердің атаулары (тақырыптары) енгізіледі. Электрондық құжаттар мен дерекқорлар істер номенклатурасына жалпы негіздерде енгізіледі.

Істер номенклатурасында құжаттың нысаны (ақпарат жеткізгіші көрсетілген электрондық немесе қағаз түрінде) көрсетіледі.

Істер номенклатурасы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес үлгілік істер номенклатурасы негізінде жасалады.

Үлгілік істер номенклатурасы істер номенклатурасын дайындаған кезде, оларды архивке өткізу немесе жоюға беру үшін іріктеген жағдайда істердің сақталу мерзімін айқындаған кезде негізгі құжат ретінде пайдалануға арналған.

Істер номенклатурасын жасаған кезде үлгілік істер номенклатурасында белгіленген сақтау мерзімін кемітуге жол берілмейді.

Номенклатураның әрбір бөлімінде істер номенклатурасында көзделмеген, алайда күнтізбелік жыл ішінде қалыптастырылған істер тақырыбына енгізу үшін резервтік индекс қарастырылады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Істің соңында осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәландырушы парақ тігіледі.

Істің куәландырушы парағына нотариус мөрін қоя отырып, қызметін және куәландырушы жазбаны жасаған күнін көрсетіп қол қояды.

Іс парақтарының нөмірленуі өзгерген кезде істің куәландырушы парағында өзгеріс туралы белгі қойылады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Жекеше нотариус тұрақты, уақытша (жетпіс бес жыл) сақтау мерзіміндегі аяқталған және ресімделген істерді:

жер учаскелерін иеліктен шығару туралы шарттарды;

тұрғын үйлерді, пәтерлерді иеліктен шығару туралы шарттарды (оларды куәландыруға негіз болған құжаттарды);

аяқталған мұрагерлік істерді;

ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктерді ( егер мұндай куәлік нотариаттық кеңседе жасалған мұрагерлік іске байланысты тірі зайыбына берілген болса, онда ол мұрагерлік іске тігіледі) жекеше нотариаттық архивке береді.

Нотариаттық куәландырылған өсиеттер, оның ішінде құпия өсиеттер, сондай-ақ аяқталмаған мұрагерлік іс жекеше нотариаттық архивке тапсырылмайды.";

44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Электрондық нысандағы нотариаттық құжаттарды уақытша сақтауды, есепке алу мен пайдалануды қамтамасыз ететін БНЦЖ-дың құрамдасы нотариаттық электрондық репозиторий болып табылады.

45. Электрондық нысандағы нотариаттық құжаттарды жинауға, алуға, жиынтықтауға, ретке келтіруге, сақтауға, есепке алу мен пайдалануға арналған орталықтандырылған цифрлық жүйе нотариаттық электрондық архив болып табылады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Консультация беруді есепке алуды нотариус БНЦЖ-дағы консультация беруді есепке алу тізілімінде осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.";

67 және 68-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Жекеше нотариус пен мемлекеттік нотариустың Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбасы болады.

Нотариус электрондық құжаттармен нотариаттық іс-әрекеттер жасауды және БНЦЖ-ға мәліметтер енгізуді электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырады.

68. Нотариаттық құжаттар А4 форматындағы қағаздың стандартты парақтарында жасалады.

БНЦЖ әрбір нотариаттық іс-әрекет бойынша құжаттың қағаз нұсқасында көрсетілетін бірегей нөмір береді.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Мұрагерлік іс бойынша іс жүргізуді бастауға негіз болған құжат БНЦЖ мұрагерлік істер тізілімінде тіркеледі.";

79, 80 және 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Аумақтық нотариаттық палатада өсиетхаттарды куәландыруға уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалардан алынған, нотариаттық куәландырылғанға теңестірілген өсиетхаттарды есепке алу тізілімі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 356 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22701 болып тіркелген) Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесіне 4-қосымшаға сәйкес нысанда жүргізіледі.

Куәландырылған өсиет туралы мәліметтер БНЦЖ электрондық тізіліміне жазба енгізілгеннен кейін БНЦЖ өсиеттерді есепке алу тізіліміне түседі.

80. Аяқталған мұрагерлік іс мұраға құқығы туралы қосымша куәлік берілгенде немесе бұрын берілген мұраға құқығы туралы куәліктің күші жойылған жағдайда мұраға құқығы туралы жаңа куәлік берілгенде қайта басталады. Бұл ретте мұрагерлік істерді есепке алу тізілімінде мұрагерлік істің қайта басталуына негіз болған өтініштер тіркеледі. Жаңа құжаттар мұрагерлік істің соңына орналастырылады, істің мұқабасына, ішкі тізімдемесіне, куәландырушы парағына тиісті өзгерістер енгізіледі.

Мұраға құқығы туралы қосымша куәлікті бұрын мұраға құқығы туралы куәлікті берген нотариус береді.

Нотариус лицензиясының күші тоқтатыла тұрған жағдайда мұраға құқығы туралы қосымша куәлікті құжаттар тапсырылған нотариус береді.

Бұрын мұраға құқығы туралы куәлікті берген нотариустың лицезиясының күші тоқтатылғанда, нотариус нотариаттық палата мүшелігінен шыққан немесе шығарылған жағдайда және істерді архивке сақтауға тапсырылған кезде мұраға құқығы туралы қосымша куәлікті мүдделі тұлға жүгінген нотариус береді. Бұл ретте, нотариус архивтен мұрагерлік істің көшірмесін сұратады және аталған құжаттардың негізінде мұраға құқығы туралы қосымша куәлікті береді.";

81. Аяқталған мұрагерлік істі сақтауға дайындаған кезде құжаттар осы Ереженің 35-тармағына сәйкес мынадай тәртіппен:

мұраға құқығы туралы куәлік;

мұраны қабылдау туралы, мұраға құқығы туралы куәлікті беру туралы немесе мұрадан бас тарту туралы өтініштер;

БНЦЖ арқылы "АХАЖ тіркеу пункті" цифрлық жүйесінде алынған қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер ("АХАЖ тіркеу пункті" цифрлық жүйесінде қайтыс болу туралы мәліметтер болмағанда немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде қайтыс болу жағдайында қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның, анықтаманың, не акт жазбасының көшірмесі);

БНЦЖ арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан мұра берушінің тіркелген орны туралы мәліметтер;

мұрагерлердің мұра берушімен туысқандық қатынастарын растайтын құжаттардың көшірмелері, мұраға негіздеме (өсиет, туысқандық деңгейі туралы, бала асырап алу туралы, мұра берушінің асырауында тұрғаны туралы құжаттар);

мұрагерлердің шеңберін анықтау үшін жасалған нотариустың сұрау салулары және оларға жауаптар;

БНЦЖ-да мұрагерлік істің бар / жоқ екендігі туралы анықтама;

мұраның мұра берушіге тиістілігін растайтын құжаттары (құқығын белгілеуші құжаттары);

мұрагерлік іске қоса берілген құжаттар тігіледі.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Нотариус "Құпия өсиет" жеке ісін қалыптастырады. "Құпия өсиет" жеке ісінің нөмірі араб сандарымен белгіленеді және БНЦЖ нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеудің электрондық тізілімінде құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасы тіркелген нөмірден және жеке іс жүргізілген жылдан тұрады: 20/2021, мұндағы 20 – құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасы БНЦЖ электрондық тізілімінде тіркелген нөмір, 2021-жеке іс жүргізілген жыл.";

3. "Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10270 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1 және 3-қосымшалар осы Тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2 және 4-қосымшалардың оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 20 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына 2-қосымша";
"Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 20 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына 4-қосымша".

4. "Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ;

2) "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Нотариаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 62 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20775 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН :**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Нотариатық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 356 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22701 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

аталған бұйрықпен бекітілген Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесі, осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйені пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйені пайдалану қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

аталған бұйрықпен бекітілген Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидалары осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 360 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22697 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысанын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысаны осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

аталған бұйрықпен бекітілген Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысаны осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 20 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
1-қосымша

## Адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

| | **Адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары** | **Адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар үшін | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | "Жеке тұлға" мемлекеттік дерекқорындағы (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) ақпаратты алу |
| | | Диплом туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; шетелдік білім беру мекемелері берген | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы | |
| 3. | Кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокатта алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өту | Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 4. | Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі | Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өткені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 5. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 6. | Соттылығының болмауы | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі – ҚР БП ҚСАЕК) адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқорымен (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |
| Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар үшін | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; шетел білім беру мекемелері берген дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңына сәйкес нострификациялау | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы | |
| 3. | Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру | Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 4. | Облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірімен сотта тағылымдамадан өту | Облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірімен сотта тағылымдамадан өткені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 5. | Кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокатта алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өту | Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 6. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 7. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |
| "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар үшін | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 4. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 5. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дереккоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 20 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
3-қосымша

## Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

| | **Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары** | **Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар үшін | | | |
| 1. | 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы ақпарат | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 3. | Кемінде бір жыл мерзімде нотариуста тағылымдамадан эту | Нотариуста тағылымдамадан өткені туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 4. | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткені туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 5. | Заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) құжаттың көшірмесі | Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 6. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 7. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |
| Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдар үшін | | | |
| 1. | 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру | Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 4. | Кемінде бір жыл мерзімде нотариуста тағылымдамадан өту | Нотариуста тағылымдамадан өткені туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 5. | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) құжаттың көшірмесі | Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 6. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 7. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |
| Тұрақты судьялар үшін | | | |
| 1 | 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 3. | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Кемінде бір жыл мерзімде нотариуста тағылымдамадан өту | Нотариуста тағылымдамадан өткені туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 5. | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) құжаттың көшірмесі | Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| Өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар үшін | | | |
| 1. | 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы, шетелдік білім беру мекемелері берген диплом дар үшін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 3. | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы | Судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 4. | Кемінде бір жыл мерзімде нотариуста тағылымдамадан өту | Нотариуста тағылымдамадан өткені туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 5. | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | нотариалды куәландырылған) құжаттың көшірмесі | Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 6. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 7. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |
| Мемлекеттік нотариустар үшін | | | |
| 1. | 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат | ЖТ МДҚ ақпаратты алу |
| 2. | Жоғары заң білімінің болуы | Диплом туралы, шетелдік білім беру мекемелері берген диплом дар үшін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес нострификациялау немесе танылу рәсімінен өткенін растайтын құжат туралы ақпарат қамтылған мәліметтер нысаны | |
| 3. | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы | Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын (салыстыру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) құжаттың көшірмесі | Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 4. | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтердің болмауы | Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден алынған мәлімет | "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесінен ақпаратты алу |
| 5. | Соттылығының болмауы | ҚР БП ҚСАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу жөніндегі мәліметтер | ҚР БП ҚСАЕК дерекқоры ЕЛ МДҚ ықпалдасқан жағдайда талап етілмейді |

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 61 бұйрығына
1-қосымша

**"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әділет департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – кәсіптік қызметпен айналысуға үміткер жеке тұлға;

2) тестілеу операторы - тестілеу рәсімдерін ұйымдастыруды және "Кәсіби қызметпен айналысу және біліктілік беру құқығына автоматтандырылған режимде кешенді тестілеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету" АЖ техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуші оператор;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

4) портал – "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz.

5) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығы көзделетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан (бұдан әрі – аттестаттау) өткізу үшін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті 1-қосымшаға сәйкес портал арқылы электрондық құжат нысанында жолдайды.

Егер үміткердің аттестаттау рәсімдерінен өз бетінше өтуіне кедергі келтіретін тұрақты физикалық шектеулері (оның ішінде көру қабілетінің не қол функциясының бұзылуы) болған жағдайда, көмекшінің тапсырмаларды түсіндіру, жауаптарды тұжырымдау не аттестаттау нәтижелеріне өзге де түрде ықпал ету құқығынсыз техникалық көмек көрсету үшін ғана қатысуына жол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтерді тізбесін және мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген.

5. Көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы өтініш берген кезде жеке кабинетіне мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні және уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10270 болып тіркелген) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді.

Өтініште мәліметтер толық болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады. Бас тарту электрондық құжат нысанында беріледі, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушының аттестаттауға жіберу туралы құжаттарын көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 9-тармағында көзделген.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

11. Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

12. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

13. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді өтініш тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға оның абоненттік нөміріне немесе портал арқылы жеке кабинетіне қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы жолданады.

14. Аттестаттауға жіберілген көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттауды

өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы көрсетілетін қызметті беруші оның абоненттік нөміріне немесе портал арқылы жеке кабинетіне қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

15. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тестілеу операторына аттестаттауға жіберілген тұлғалардың тізімін жолдайды.

16. Аттестаттау Тестілеу операторының техникалық жабдықталған тестілеу залдарында өткізіледі.

17. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеу (100 сұрақ: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – 5, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 10);

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған компьютерлік тестілеу (3 ситуациялық жағдай бойынша 12 сұрақ).

18. Аттестаттау тестілеріне енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қалыптастырады.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне практикалық тапсырманың мазмұнын Республикалық адвокаттар алқасы қалыптастырады.

19. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын білуін тексеруге арналған сұрақтарда бір дұрыс жауаппен кемінде үш нұсқасы қамтылады.

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған сұрақтарда бір дұрыс жауаппен кемінде үш нұсқасы қамтылады.

20. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратуға жатпайды.

Аттестаттау өткізілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға аттестаттау мәселелерін және оларға жауаптарды ашуға жол берілмейді.

Аттестаттау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызмет алушыға Тестілеу операторы жинаған балдарының жалпы саны (дұрыс жауаптардың пайызы) туралы және тестілеуден өткені не өтпегені туралы сертификат немесе анықтама береді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық тасығышта жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс, радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобильді) байланыс, интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өңдеуді, пайдалануды, сақтауды, есепке алуды және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТҚ) жүктеп алу , құжатты қайта жіберу және интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТҚ-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

21. Аттестаттауға келген кезде көрсетілетін қызметті алушының өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) цифрлық жеке куәлігі болуы қажет.

22. Аттестаттаудан өту алдында Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттау кезеңдерін өткізу тәртібі және олардың ұзақтығы туралы хабардар етеді.

23. Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан өз таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өтеді.

24. Аттестаттауды өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларда (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтар) пайдалануына жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақтауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны ағымдағы аттестаттаудан шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

25. Аттестаттаудан шеттетілген көрсетілетін қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші компьютерлік тестілеу процесінде не практикалық тапсырмаларда (көрсетілетін қызметті алушыға тәуелді емес) техникалық ақаулар және /немесе қателер анықталған жағдайда, техникалық іркілістер туралы актімен дәлелденген кезде Тестілеу операторының атына дәлелді хат жолдау арқылы аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім қабылдайды.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 70% (жетпіс) және одан да көп жинауға мүмкіндік беретін дұрыс белгіленген жауаптарында қателердің болуы (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) негіз болып табылады.

Практикалық тапсырмаларда қателер (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) анықталған кезде көрсетілетін қызметті алушыға аттестаттау туралы дәлелді шешім беріледі.

27. Еңсерілмейтін күш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла тұрады және тестілеу рәсімін тоқтата тұру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан қайтадан өтеді.

28. Заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуді орындауға бөлінген жалпы уақыт - 90 (тоқсан) минут (100 сұрақ).

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестті орындауға бөлінген жалпы уақыт - 30 (отыз) минут (3 практикалық жағдайға 12 сұрақтан кем емес ).

Аттестаттау рәсімдерінен өз бетінше өтуіне кедергі келтіретін тұрақты физикалық шектеулері тұлғалар үшін (оның ішінде көру қабілетінің не қол функциясының бұзылуы):

1)Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуді орындауға қосымша 30 минут беріледі;

2)практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеуді орындауға қосымша 20 минут беріледі.

29. Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 % ( жетпіс) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеудің екінші кезеңіне жіберіледі.

Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 65 % (алпыс бес) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың екі кезеңінен оң нәтижемен өткен кезде аттестаттаудан өткен болып есептеледі.

30. Тестілеуде белгіленген мәндерден төмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

31. Аттестаттаудың әрбір кезеңінен өту нәтижелерін Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың соңғы кезеңінен өткеннен кейін 1 (бір) жұмыс күн ішінде жібереді.

32. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау/аттестаттамау туралы дәлелді шешім болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылады және электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

33. Дәлелді себеппен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туысының қайтыс болуы және еңсерілмейтін күш салдарынан) аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда тестілеуден көрсетілетін қызметті беруші бекіткен басқа күні өте алады. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Аттестаттауға дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Бұл ретте ол аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

34. Аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде жарамды болып табылады.

**3-тарау. Байқау түрінде аттестаттау**

35. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының адвокатура саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестаттаудан өтуге дайындалу мақсатында байқау түрінде аттестаттаудан өту мүмкіндігі бар.

Байқау түрінде аттестаттау нәтижелері аттестаттау/аттестаттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

Көрсетілетін қызметті алушының байқау түрінде аттестаттаудан өту шарттары мен тәртібін Тестілеу операторы белгілейді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

36. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы жеке кабинетінен өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында

көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына 1-қосымша

| **"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып тіркелген) Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы шешім не аттестаттамау туралы шешім |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі |
| | | көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | аралығында, сағат 12.00-ден 13.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш;<br>2) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының ( ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/ тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда жеке кабинеті арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

Өтініш нысаны
Облыстың, республикалық маңызы
бар қаланың және астананың
Әділет департаменті

**Аттестаттауға жіберу туралы өтініш**

Мені адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге жіберуіңізді сұраймын.

Осымен: нақты мәлеметтерді ұсынғаным үшін дербес жауаптылығым бар екені расталады; көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту туралы кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін; сот өтініш берушіге лицензияланатын қызмет түрімен және / немесе кіші қызмет түрімен айналысуға тыйым салмаған; қоса берілген барлық құжаттар дұрыс және жарамды екені; өтініш беруші лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде сақталатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділіктің шектеулі жеке деректерін пайдалануға келісетіні расталады.

Жеке тұлға ______________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

күні:_______

Қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1. ___________________________

2. ___________________________

Цифрлық жүйелердегі қамтылған, заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді қолдануға келісемін:

_____________________________________________________________________

_________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және көрсетілетін қызмет алушының қолы)

Өтініш беру күні ________________________________

"Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін қызметке
қойылатын негізгі талаптардың
тізбесіне 2-қосымша

Нысан

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны

____________________________________________________________________

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жеке сәйкестендіру нөмірі)

I. Дипломы туралы деректер:

1. Жоғары оқу орнының атауы_________________________________________

2. Мамандық коды ____________________________________________________

3. Диплом нөмірі ______________________________________________________

4. Дипломды беру күні _________________________________________________

5. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломның немесе нострификациялаудың немесе тану рәсімінің өтуін растайтын құжат:

1. Сериясы және нөмірі ______________________________________________

2. Негіздемесі: күні және нөмірі __________________________________________

3. Тіркеу нөмірі және күні______________________________________________

II. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні ________________

2. Адвокаттар алқасы ___________________________________облыстар/қалалар

3. Тағылымдама басшысы_______________________________________________

4. Тағылымдама жетекшісінің адвокаттық қызмет өтілі _____________________

5.Тағылымдаманың басталған күні_____________________________________________

6. Тағылымдаманың аяқталған күні__________________________________________

Жеке тұлға ______________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

күні:____

Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарды
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

________________ номер

**Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау/аттестаттамау туралы шешім**

| | |
|---|---|
| ________ қаласы | күні __________ |

_______________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

аттестатталды/аттестатталмады деп танылсын.

Басшы ________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін
атқарушының
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 61 бұйрыққа
2-қосымша

**"Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен әзірленді және "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін анықтайды.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) лицензияны алуға немесе қайта ресімдеуге www.adilet.gov.kz www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің ( бұдан әрі - Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

3. "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Тізбеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін , мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді

қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі лицензияны алуға құжаттар келіп түскен күні оларды тіркейді және жауапты орындаушыға орындауға береді.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде негіздеме мен себептерін көрсете отырып, өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

7. Лицензияны алуға ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 11 (он бір) күнтізбелік күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10270 болып тіркелген) сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберілген көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап немесе қайта рәсімдеу болып табылады.

8. Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "Адвокаттық

қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3 қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) ауыстыру туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алады.

Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер болмаған жағдайда электрондық өтінішті қалыптастыру процесі аяқталады.

"Цифлық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "цифрлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күнінде 20 (жиырма) минут ішінде толық автоматты түрде өңдейді және қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "цифрлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау мен бақылау

жөніндегі уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

"Адвокаттық қызметпен
айналысуға лицензия беру"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру;<br>2. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия қайта ресімдеу. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) лицензия беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналасу құқығы үшін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 616-бабына сәйкес мыналарды құрайды:<br>1) лицензия беру кезінде 6 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алу үшін:<br>1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші;<br>2) осы Тізбенің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны;<br>3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны қайта ресімдеу үшін:<br>1) "Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;<br>2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтер тиісті цифрлық жүйелерінен алынады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және нарколог пен психиатрдың диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсететін мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында:- www.adilet.gov.kz, порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай контакт-орталығынан алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

"Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымша

Нысан

**Жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші**

___________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________жүзеге асыру үшін

(қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін) лицензия беруіңізді сұраймын.

Байланыс деректері _________________________________________________

Жалғанды________ парақта

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді; өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға ________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ________________

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызметке қойылатын<br>негізгі талаптардың<br>тізбесіне 2-қосымша

Нысан

**Адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны**

_________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

барлық адамдар толтырады

I. Диплом туралы мәліметтер ___________

1. Жоғары оқу орнының атауы ___________

2. Мамандық атауы ___________

3. Мамандық коды ___________

4. Диплом нөмірі ___________

5. Дипломның берілген күні ___________

6. Дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің берілген күні _________

7. Дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің нөмірі ____________

(6, 7-тармақтар шетелдің білім беру мекемелері берген дипломдар үшін толтырылады) адвокаттан тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар үшін

II. Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

1. адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытындының бекітілген күні ______________

2. Облысы ______________

3. Тағылымдаманың жетекшісі ______________

4. Тағылымдаманың басталған күні ________________

5. Тағылымдаманың аяқталған күні ______________

III. Аттестаттау туралы шешім

1. Қала ______________

2. Өткізілген күні ______________

3. Қарау мәртебесі ______________

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдар үшін

II. Судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыру

1. Өткізілген күні ______________

2. Қарау мәртебесі___________

III. Сотта облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірімен тағылымдамадан өту

1. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының болған күні ___ ________

2. Облысы ___________

3. Тағылымдаманың басталған күні ___________

4. Тағылымдаманың аяқталған күні ___________

IV. Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

1. Адвокаттан тағылымдамадан өткені туралы қорытындының бекітілген күні _________________

2. Облысы ______________

3. Тағылымдаманың жетекшісі ______________

4. Тағылымдаманың басталған күні ______________

5. Тағылымдаманың аяқталған күні ______________

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық Заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2 ), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар үшін

II. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы туралы мәліметтер

1. Судья лауазымына тағайындау туралы Жарлықтың нөмірі ______________

2. Судья лауазымына тағайындау туралы Жарлықтың қабылданған күні _______

3. Судья лауазымынан босату туралы Жарлықтың нөмірі ______________

4. Судья лауазымынан босату туралы Жарлықтың қабылданған күні __________

5. Босату негізі ______________

"Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымша

Нысан

**Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

___________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________________________

Тегімнің, атымның, әкемнің атының (ол болған жағдайда) өзгеруіне байланысты адвокаттық қызметті жүзеге асыруға 20___ жылғы "____"

№ __________, _______________________________________________________________

(лицензияның нөмірі(лері), лицензияны берген лицензиардың атауы)

берілген лицензияны қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға ________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _______

"Адвокаттық қызметпен<br>айналысуға лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызметтің қағидаларына<br>2-қосымша

нысаны

**Лицензия**

20____ жылғы "___" ___________ №_____________

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

айналысуға

_ берілді

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, мекен-жайы)

Ерекше шарттары ____________________________________________________________

__

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: ___________________________________________________________________

__

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _________________________________________________________________

__

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____________________________________________________

__

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Берілген орны ______________________________

Бұл құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес қағаз құжатқа балама болып табылады.

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 62 бұйрығына
1-қосымша

## "Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әділет департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – кәсіптік қызметпен айналысуға үміткер жеке тұлға;

2) тестілеу операторы – тестілеу рәсімдерін ұйымдастыруды және "Кәсіби қызметпен айналысу және біліктілік беру құқығына автоматтандырылған режимде кешенді тестілеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету" АЖ техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуші оператор;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);

4) портал – "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz.

5) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығы көзделетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауды (бұдан әрі – аттестаттау) жүргізу үшін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжаттарды жолдайды.

Егер үміткердің аттестаттау рәсімдерінен өз бетінше өтуіне кедергі келтіретін тұрақты физикалық шектеулері (оның ішінде көру қабілетінің не қол функцияларының бұзылуы) болған жағдайда, көмекшінің тапсырмаларды түсіндіру, жауаптарды тұжырымдау не аттестаттау нәтижелеріне өзге де түрде ықпал ету құқығынсыз техникалық көмек көрсету үшін ғана қатысуына жол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) мемлекеттік қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын

төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесін және мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген.

5. Көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы өтініш берген кезде жеке кабинетіне мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні және уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметтерді беруші құжаттар түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10270 болып тіркелген) нотариаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда өтініш түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қараудан дәлелді бас тартады. Бас тарту

электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылады және электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушының аттестаттауға жіберу туралы құжаттарын көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауды өткізу қағидаларының осы Қағидаларға 1-қосымша болып табылатын "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауды өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

11. Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

12. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

13. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді өтініш тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей қызмет алушыға қысқа мәтіндік хабарламаның абоненттік нөміріне немесе портал арқылы жеке кабинетке жібереді.

14. Аттестаттауға жіберілген көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттауды өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы көрсетілетін қызметті беруші оны абоненттік нөміріне немесе портал арқылы жеке кабинетіне қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

15. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тестілеу операторына аттестаттауға жіберілген тұлғалардың тізімін жолдайды.

16. Аттестаттау Тестілеу операторының техникалық жабдықталған тестілеу залдарында өткізіледі.

17. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеу (100 сұрақ: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Жер кодексі – 15, Қазақстан Республикасының "Неке (

ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – 5, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 10, " Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 15, "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 15);

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған компьютерлік тестілеу (3 ситуациялық жағдай бойынша 12 сұрақ).

18. Аттестаттау тестілеріне енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қалыптастырады.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне практикалық тапсырманың мазмұнын Республикалық нотариаттық палата қалыптастырады.

19. Үміткерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын білуін тексеруге арналған сұрақтардың жауабының біреуі дұрыс болған кемінде үш нұсқасы болады.

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған сұрақтарда бір дұрыс жауаппен кемінде үш нұсқасы қамтылады.

20. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратылуға жатпайды.

Аттестаттау өткізілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға аттестаттау мәселелерін және оларға жауаптарды ашуға жол берілмейді.

Аттестаттау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызмет алушыға Тестілеу операторы жинаған баллдарының жалпы саны (дұрыс жауаптардың пайызы) туралы және тестілеуден өткені не өтпегені туралы сертификат немесе анықтама береді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық жеткізгіште жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс, радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобильді) байланыс, интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өңдеуді, пайдалануды, сақтауды, есепке алуды және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТҚ) жүктеп алу , құжатты қайта жіберу және Интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТҚ-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

21. Аттестаттауға келген кезде көрсетілетін қызметті алушының өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) цифрлық жеке куәлігі болуы қажет.

22. Аттестаттаудан өту алдында Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттау кезеңдерін өткізу тәртібі және олардың ұзақтығы туралы хабардар етеді.

23. Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан өз таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өтеді.

24. Аттестаттауды өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларда (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтар) пайдалануына жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақтауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны ағымдағы аттестаттаудан шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

25. Аттестаттаудан шеттетілген көрсетілетін қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші компьютерлік тестілеу процесінде не практикалық тапсырмаларда (көрсетілетін қызметті алушыға тәуелді емес) техникалық ақаулар және /немесе қателер анықталған жағдайда, техникалық іркілістер туралы актімен дәлелденген кезде Тестілеу операторының атына дәлелді хат жолдау арқылы аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім қабылдайды.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 70% (жетпіс) және одан да көп жинауға мүмкіндік беретін дұрыс белгіленген жауаптарында қателердің болуы (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) негіз болып табылады.

Практикалық тапсырмаларда қателер (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) анықталған кезде көрсетілетін қызметті алушыға аттестаттау туралы шешім беріледі.

27. Еңсерілмейтін күш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла тұрады және тестілеу рәсімін тоқтата тұру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан қайтадан өтеді.

28. Заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуді орындауға бөлінген жалпы уақыт – 90 (тоқсан) минут (100 сұрақ).

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестті орындауға бөлінген жалпы уақыт – 30 (отыз) минут (3 практикалық жағдайға 12 сұрақтан кем емес ).

Аттестаттау рәсімдерінен өз бетінше өтуіне кедергі келтіретін тұрақты физикалық шектеулері бар тұлғалар үшін (оның ішінде көру қабілетінің не қол функцияларының бұзылуы):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуді орындауға қосымша 30 минут беріледі;

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеуді орындауға қосымша 20 минут беріледі.

29. Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 % ( жетпіс) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеудің екінші кезеңіне жіберіледі.

Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 65 % (алпыс бес) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың екі кезеңінен оң нәтижемен өткен кезде аттестаттаудан өткен болып есептеледі.

30. Тестілеуде белгіленген мәндерден төмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

31. Аттестаттаудың әрбір кезеңінен өту нәтижелерін Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың соңғы кезеңінен өткеннен кейін 1 (бір) жұмыс күн ішінде жібереді.

32. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау/аттестаттамау туралы дәлелді шешім болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылады және электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

33. Дәлелді себеппен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туысының қайтыс болуы және еңсерілмейтін күш салдарынан) аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда тестілеуден көрсетілетін қызметті беруші бекіткен басқа күні өте алады. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Аттестаттауға дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Бұл ретте ол аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

34. Аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап үш жыл ішінде жарамды болып табылады.

**3-тарау. Байқау түрінде аттестаттау**

35. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының нотариат саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестаттаудан өтуге дайындалу мақсатында байқау түрінде аттесттаудан өту мүмкіндігі бар.

Байқау түрінде аттестаттау нәтижелері аттестаттау/аттестаттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

Көрсетілетін қызметті алушының байқау түрінде аттесттаудан өту шарттары мен тәртібін Тестілеу операторы белгілейді.

**4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаның шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне ) шағымдану тәртібі**

36. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы жеке кабинетінен өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

"Нотариаттық қызметпен<br>айналысу құқығына үміткер<br>адамдарды аттестаттаудан өткізу"

мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
1-қосымша

| "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 62 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып тіркелген) Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы шешім не аттестаттамау туралы шешім |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | көрсетілетін қызметті беруші - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 12.00-ден 13.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін;<br>порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, |

| | | |
|---|---|---|
| | | өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш;<br>2) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының ( ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/ тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайда;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

Өтініш нысаны
Облыстың, республикалық маңызы
бар қаланың және астананың
Әділет департаменті

## Аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Мені нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өтуге жіберуіңізді сұраймын.

Осымен: нақты мәлеметтерді ұсынғаным үшін дербес жауаптылығым бар екені расталады; көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту туралы кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін; сот өтініш берушіге лицензияланатын қызмет түрімен және / немесе кіші қызмет түрімен айналысуға тыйым салмаған; қоса берілген барлық құжаттар дұрыс және жарамды екені; өтініш беруші лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде сақталатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділіктің шектеулі жеке деректерін пайдалануға келісетіні расталады.

Жеке тұлға ________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

күні:_______

Қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1. ____________________________

2. ____________________________

Цифрлық жүйелердегі қамтылған, заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді қолдануға келісемін:

_______________________________________________________________________

_________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және көрсетілетін қызмет алушының қолы)

Өтініш беру күні_________________________________

Нысан

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өтуге арналған деректер нысаны

_______________________________________________________________________

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жеке сәйкестендіру нөмірі

I. Дипломы туралы деректер:

1. Жоғары оқу орнының атауы ____________________________________________

2. Мамандық коды _____________________________________________________

3. Диплом нөмірі ________________________________________________________

4. Дипломды беру күні ___________________________________________________

5. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломның немесе нострификациялаудың немесе тану рәсімінің өтуін растайтын құжаттың берілген күні:

1. сериясы және нөмірі ___________________________________________________

2. негіздемесі: күні және нөмірі ____________________________________________

3. тіркеу нөмірі және күні _________________________________________________

II. Нотариустан тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Нотариустан тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні ______

2. ___________________________ облысының/қаласының нотариаттық палатасы
3. Тағылымдама басшысы _______________________________________________
4. Тағылымдама басшысының нотариаттық қызметінің өтілі _________________
5.Тағылымдаманың басталған күні _______________________________________
6. Тағылымдаманың аяқталған күні ______________________________________
Жеке тұлға ___________________________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
күні:____

"Нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткер
адамдарды аттестаттаудан өткізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
2-қосымша

Нысан
_________________ номер

## Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау/аттестаттамау туралы шешім

| | |
|---|---|
| _________ қаласы | күні ___________ |

________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
аттестатталды/аттестатталмады деп танылсын.
Басшы _________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 28 мамырдағы
№ 62 бұйрығына
2-қосымша

## "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

Республикасының Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірледі және " Нотариатық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін анықтайды.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) лицензияны алуға немесе қайта ресімдеуге www.adilet.gov.kz www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

3. "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен көрсетілу нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, лицензиясы, соттылығының бар не жоқ екендігі және наркологта және психиатрда диспансерлік есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі лицензияны алуға құжаттар келіп түскен күні оларды тіркейді және жауапты орындаушыға орындауға береді.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде негіздеме мен себептерін көрсете отырып, өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту береді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

7. Лицензияны алуға ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 11 (он бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10270 болып тіркелген) сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия не көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберілген көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап немесе қайта рәсімдеу болып табылады.

8. Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат ауыстырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасынан алады.

Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер болмаған жағдайда электрондық өтінішті қалыптастыру процесі аяқталады.

"Цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "цифлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз жұмыс күнінде 20 (жиырма) минут ішінде толық автоматты түрде өңдейді және қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "цифрлық үкімет" веб-порталының көліктік қолтаңбасымен куәландырылған

электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

### 3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына www.adilet.gov.kz.

Шағымдар пошта бойынша жазбаша нысанда, "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қарауға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы "цифрлық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші оны жаңартып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдана алады.

"Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| **"Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру;<br>2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия қайта ресімдеу.** | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | www.egov.kz, www.elicense.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы |
| | | 1) лицензия беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 20 (жиырма) минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі | нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтен дәлелді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 616-бабына сәйкес мыналарды:<br>1) лицензия беру кезінде 6 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды. |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында,<br>сағат 12-00-ден 13-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8-00-ден 17-30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін:<br>1) осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші;<br>2) осы Тізбенің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес адвокаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны;<br>3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны қайта ресімдеу үшін:<br>1) "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру " мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымша сәйкес нысандағы өтініш;<br>2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын және лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтер тиісті цифрлық жүйелерінен алынады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының ( ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрғандығы/тұрмағандығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| | | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайда;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында: - www.adilet.gov.kz;<br>2) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі. |

"Нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына
лицензия беру" мемлекеттік

көрсетілетін қызметке
қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
1-қосымша

Нысан

**Жеке тұлғаның лицензия алуға өтініші**

_____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_____________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________ жүзеге асыру үшін ( қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін) лицензия беруіңізді сұраймын.

Байланыс деректері_____________________________________________

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді; өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға ________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" ________________

"Нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызметке қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
2-қосымша

Нысан

**Нотариаттық қызметті жүзеге асыру мәліметтерінің нысаны**

______________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

барлық адамдар толтырады

1. Диплом туралы мәліметтер
1. Жоғары оқу орнының атауы________________________________
2. Мамандық атауы________________________________
3. Мамандық коды________________________________
